

2019 жылға Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 191 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 5148 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529 бабының 6 тармағының бірінші абзацына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қарашадағы №159 "2019 жылға Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4813 тіркелген, 2018 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулының Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Ә.Қалымбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялануға жатады және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Қазығұрт ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы**

_____ Г.О. Ахаева

"16" шілде 2019 жыл

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2019 жылғы
16 шілдедегі № 191
қаулысына қосымша

2019 жылға Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициенті

№	Ауыл округінің атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қазығұрт	Қазығұрт	1,75
2		Молбұлақ	1,60
3		Кезеңбұлақ	1,65
4		Ащыбұлақ	1,75
5	Шарбұлақ	Шарбұлақ	1,75
6		Ақбастау	1,70
7	Тұрбат	Тұрбат	1,75
8		Қызылдихан	1,75
9		Еңбек	1,75
10		Өндіріс	1,75
11	Сабыр Рақымов	Майбұлақ	1,75
12		Көкібел	1,65
13		Қызылата	1,65
14	Жігерген	Тесіктөбе	1,80
15		Қызылбұлақ	1,65
16		Айнатас	1,70
17		Өгем	0,25
18		Жігерген	1,70
19		Шақпақ	1,70
20	Алтынтөбе	Қаржан	1,65
21		Алтынтөбе	1,75
22		Қосағаш	1,65
23		Аққұм	1,60
24		Қарабау	1,50
25		Лесхоз	1,20
26		Қарабастау	1,70

27		Жаңабазар	1,75
28		Жылыбұлақ	1,85
29		Үлгілі	1,75
30	Жаңабазар	Қожамберді (Қаз ССР 20 жыл)	1,65
31		Жаңаталап	1,80
32		Жеңіс	1,60
33		Тілектес	1,75
34		Бейнеткеш (Жаңожол)	1,60
35		Қарабау	1,85
36	Қарабау	Жұмысшы	1,80
37		Үшбұлақ	1,85
38		Сынтас (Жаңатұрмыс)	1,75
39		Шарапхана	1,75
40		Жіңішке	1,65
41	Шарапхана	Бақабұлақ	1,55
42		Майлыошақ	1,70
43		Махамбет Өтемісұлы	1,85
44		Талдыбұлақ	1,60
45		Атбұлақ	1,75
46		Рабат	1,85
47		Амангелді	1,65
48	Қарақозы Әбдәлиев	Еңбекші	1,65
49		Жаңаталап	1,50
50		Қыдыр Мамбет (Қазыгурт)	1,85
51		Қызылдала	1,65
52		Қақпақ	1,65
53	Қақпақ	Сырлысай	1,50
54		Заңғар	1,60
55		Қызылқия	1,75
56		Айнатас	1,85
57	Қызылқия	Ынталы	1,85
58		Қызылсеңгір	1,70
59		Тұғыртас	1,60
60		Шанақ	1,65
61		Ақжар (Абай)	1,75
62	Шанақ	Ескі Шанақ	1,40
63		станция Шанақ	1,40
64		Ызабұлақ	1,40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК